

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының
2024 жылғы «03» сәуірдегі
хаттамалық шешіміне
№ 15 (16 сұрақ) қосымша

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының
2024 жылғы «03» сәуірдегі
хаттамалық шешімімен
№ 15 (16 сұрақ) бекітілген

**«KMG-SECURITY»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қ., 2024

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «KMG-Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің (бұдан әрі – Заңнама делінетін) және осы Жарғының (бұдан әрі – Жарғы) негізінде және соларға сәйкес жүзеге асырады.

2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Заңнамаға сәйкес құрылып, әрекет ететін, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-ғимарат мекенжайында орналасқан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының банк деректемелері: теңгелік есеп айырысу шоты KZ356010111000002033, BSN 020240000555; Кбе 16, SWIFT: HSBKKZKX; «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

3. Серіктестік келесі фирмалық атаулардың кез келгенін пайдаланады: мемлекеттік тілдегі толық атауы – «KMG-Security» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қысқартылған түрде – «KMG-Security» ЖШС;

орыс тіліндегі толық атауы – Товарищество с ограниченной ответственностью «KMG-Security», қысқартылған түрде – ТОО «KMG-Security»;

ағылшын тіліндегі толық атауы – «KMG-Security» limited liability partnership, қысқартылған түрде – «KMG-Security» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан жері және мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-ғимарат

5. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектеусіз.

2-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

6. Серіктестік заңды тұлға құқықтарына әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап ие болады. Серіктестіктің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, дербес теңгерімі, банкілерде шоттары, өз атауы көрсетілген бланкілері, тауарлық белгісі бар. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына жету үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болуға, міндеттер атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Заңнамаға қарама-қайшы келмейтін өзге іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

7. Серіктестік басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, Заңнамамен және Жарғымен көзделген тәртіпте өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға, сондай-ақ өзі орналасқан орыннан тыс жерде филиалдар құрып, өкілдіктер ашуға құқылы.

8. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері белгіленген тәртіпте бекітілетін өздері туралы ережелерге сәйкес әрекет етеді және өз қызметінде Қазақстан Республикасының, тіркелу елінің заңнамасын және Жарғыны басшылыққа алады.

9. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметін басқаруды белгіленген тәртіпте тағайындалатын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары тиісті ережелердің, сондай-ақ Серіктестік берген сенімхаттардың негізінде әрекет етеді.

10. Серіктестік Қазақстан Республикасының, шетелдік заңды тұлғалардың тіркелу елінің заңнамасымен және Жарғымен көзделген тәртіпте заңды тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттерін, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметтеріне қатысуға құқылы.

11. Серіктестіктің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

12. Серіктестік меншік құқығында оқшауландырылған мүлікке ие, өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлік шегінде жауапкершілігі бар және Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда Жалғыз қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

13. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзі салған салым құнының шегінде Серіктестік қызметімен байланысты шығын тәуекелін көтереді. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді. Серіктестіктің мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні секілді мемлекет те Серіктестік міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

14. Серіктестік өзінің қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындысына бухгалтерлік есеп жүргізеді, Заңнамаға сәйкес статистикалық және қаржылық есептілік құрады.

15. Серіктестік белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс орналасқан банкілерде және өзге қаржы ұйымдарында ұлттық және шетел валюталарында шоттар ашуға құқылы.

16. Серіктестік Заңнамамен және Жарғымен тыйым салынбаған өзге құқықтарға ие болып, өзге міндеттерді көтеруі мүмкін.

3-БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

17. Серіктестік қызметінің мақсаты дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу болып табылады.

18. Серіктестік қызметінің мәні мыналар:

1) жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, оның ішінде оларды тасымалдау кезінде күзету;

3) күзет тәсілдері мен құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан заңды түрде қорғау бойынша кеңес беру және ұсынымдар әзірлеу.

19. Жоғарыда аталған қызмет түрлерімен Серіктестік Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органы берген лицензия негізінде айналыса алады. Серіктестік күзет қызметін тек «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және онымен үлестес заңды тұлғалар үшін ғана жүзеге асырады.

20. Лицензияның немесе Заңнамамен белгіленген тәртіпте алынуы қажет басқадай рұқсаттың болуын талап ететін қызмет түрлері тек тиісті лицензия немесе басқадай рұқсаттар түрі алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

4-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

21. Жалғыз қатысушы:

1) Заңмен және Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестік қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және басқадай құжаттамасымен танысуға;

3) Заңға, Жарғыға және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен кіріс алуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есептескеннен кейін қалған мүлік бөлігінің құнын немесе Жалғыз қатысушының шешімі бойынша сол мүліктің бір бөлігін заттай алуға;

5) Заңмен көзделген тәртіпте өз үлесінің бір бөлігін иеліктен шығаруға не өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

6) Серіктестік органдарының Заңмен және (немесе) Жарғымен көзделген оның құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;

7) аудиторлық ұйымның өз есебінен Серіктестіктің қаржылық есептілігінің аудитін өткізуін талап етуге құқылы.

Жалғыз қатысушы Заңмен және (немесе) Жарғымен көзделген өзге құқықтарға да ие болуы мүмкін.

22. Жалғыз қатысушы:

1) Жарғы талаптарын сақтауға;

2) Жарғымен көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;

3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

4) Жарғының 2-тармағында көрсетілген Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына қатысты мәліметтердің өзгеруі жөнінде Басқармаға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Жалғыз қатысушы Жарғымен, Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен көзделген басқа да міндеттерді көтеруі мүмкін.

5-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІКТЕН ҮЛЕС САТЫПАЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

23. Серіктестік өз қызметі жөніндегі ақпаратты www.kmg-s.kz корпоративтік веб-сайтында жариялайды.

24. Жалғыз қатысушының және үлес сатып алушылардың талабы бойынша Серіктестік оларға Жарғымен көзделген тәртіпте құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

25. Серіктестік қызметі туралы оның Жалғыз қатысушысының мүдделерін қозғайтын ақпарат беру Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпарат ретінде келесілер танылады:

1) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, Қадағалау кеңесі, Басқармасы, Ревизиялық комиссия (Ревизор) қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы жайындағы ақпарат;

2) Серіктестік тарапынан қарыздар мен қаржылай көмектің берілуі және алынуы;

3) Серіктестіктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға лицензиялар алуы, олардың күшін тоқтата тұруы немесе тоқтатуы, сондай-ақ Серіктестік бұрын алған қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға лицензиялардан айырылуы;

4) Серіктестіктің барлық мүлкіне немесе оның бөлігіне тыйым салынуы немесе оның кепілге салынуы; нәтижесінде Серіктестіктің теңгерімдік құны Серіктестік активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) немесе одан көп процентін құраған мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;

5) Серіктестікті әкімшілік жауапкершілікке және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын Серіктестік қызметіне қатысты іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту;

6) Серіктестікті еріксіз қайта ұйымдастыру туралы шешім;

7) аудиторлық есеп (ол болған жағдайда);

8) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы туралы ақпарат;

9) Заңнамаға және Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын басқадай ақпарат.

26. Серіктестік Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің қызметі жайлы қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпаратты ол туындаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жеткізуге міндетті.

27. Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Жалғыз қатысушыға Серіктестік тиісті сот хабарламасын немесе

корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша шақырту алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

28. Жалғыз қатысушының оған басқадай ақпаратты немесе Жарғының осы бабында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсыну жайындағы сауалы бойынша Серіктестік егер де сауалда басқа мерзім белгіленбеген болса, сауал алынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей оларды белгіленген тәртіпте өтінішкерге ұсынуға міндетті.

29. Жалғыз қатысушыға мәлім болған «Құпия», «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгілері бар Серіктестік қызметі жайлы ақпарат, Заңнамамен көзделген жағдайларда өз құзыретіндегі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда, үшінші тұлғаларға жазбаша немесе басқа нысанда беріле алмайды.

30. Серіктестік қызметі туралы ақпаратты жарғылық капиталға қатысу үлесін сатып алушыларға ұсыну, ақпаратты беру тәртібі мен оның көлемі тараптардың келісімі бойынша осындай үлестерді сатып алу туралы алдын ала жасалатын шарт шеңберінде, белгіленген тәртіпте тараптар арасында құпия ақпаратты жарияламау жайында келісімге қол қойылғаннан кейін белгіленеді.

31. Серіктестік қызметіне қатысты және «Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген құжаттар Серіктестік тарапынан оның қызметінің барлық мерзімі бойында Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жерінде сақталуы тиіс.

Басқа құжаттар Заңнамаға және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

32. Серіктестік өзінің үлестес тұлғаларының есебін сол тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

Серіктестіктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Серіктестікке үлестестік туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары жайында мәліметтер ұсынуға міндетті. Үлестестігі тоқтатылған жеке және заңды тұлғалар ол жайында Серіктестікке үлестестік тоқтатылған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлайды.

6-БАП. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІК МҮЛКІ

33. Серіктестіктің жарғылық капиталы 5 044 047 004 (бес миллиард қырық төрт миллион қырық жеті мың төрт) теңгені құрайды.

34. Серіктестіктің жарғылық капиталына ақша, құнды қағаздар, бұйымдар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқығы, жерді пайдалану құқығы мен зияткерлік қызмет нәтижелеріне берілетін құқық және өзге де мүлік салым болуы мүмкін.

Жеке мүліктік емес құқықтар және басқадай материалдық емес игіліктер түрінде салым салуға жол берілмейді.

35. Серіктестік мүлкі жарғылық капиталға салымдар, қосымша жарналар, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер, сондай-ақ қарызға алынған қаражат, Заңнамамен тыйым салынбаған тәртіпте Серіктестік сатып алған немесе алған басқадай мүлік есебінен құралады.

36. Жалғыз қатысушының шешімімен Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгеруі мүмкін.

37. Серіктестіктің жарғылық капиталының өзгеруі (артуы немесе азаюы) Заңмен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

38. Серіктестіктің жарғылық капиталының артуы:

1) Жалғыз қатысушы жасаған қосымша салымдар;

2) Серіктестіктің өз капиталы, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен;

3) Серіктестік құрамына жаңа қатысушылар қабылдау жолдарымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталының Заңнамамен белгіленген ең аз мөлшерден төмен азаюына жол берілмейді.

39. Серіктестік мүлкі оның теңгерімінде есепке алынады.

40. Қаржылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Серіктестік Заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасында қарыз түрінде, сондай-ақ шетел банктерінде немесе басқадай қаржы ұйымдарында теңгемен және (немесе) шетел валютасымен қаржыландыру тартуға құқылы.

41. Серіктестік өзінің залалдары мен шығындарын жабуға қажетті резервтік капитал және (немесе) басқадай қорлар құруы мүмкін. Резервтік капиталға және (немесе) қорларға жыл сайынғы аударымдар мөлшері Жалғыз қатысушының шешімімен анықталады.

7-БАП. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

42. Серіктестіктің органдары мыналар:

1) жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;

2) бақылау-қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;

3) алқалық атқарушы орган – Басқарма;

4) бақылаушы орган – Ревизиялық комиссия (Ревизор) (қажетіне қарай Жалғыз қатысушының шешімімен құрылады).

Қадағалау кеңесі мен Басқарманың мүшелері Серіктестіктің лауазымды тұлғалары болып табылады.

8- БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ

43. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қызметін жеке дара басқарады, Заңнамамен және Жарғымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешеді. Жалғыз қатысушының шешімдері жазбаша ресімделеді.

44. Жалғыз қатысушының шешім қабылдауы үшін мәселелерді дайындауды Басқарма жүзеге асырылады.

Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығаруға Серіктестік Басқармасы немесе Қадағалау кеңесі бастамашылық жасайды

Тарату процесінде Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығаруға Серіктестіктің тарату комиссиясы да бастамашы бола алады.

Заңнамамен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығару бойынша шығыстарды Серіктестік көтереді.

Жалғыз қатысушының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар бұл мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс.

45. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, Жарғыға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қадағалау кеңесі мүшелерін, оның ішінде төрағасын сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қадағалау кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, Қадағалау кеңесі туралы ережені бекіту;

3) Басқарманың мүшелерін, оның ішінде бас директорды (Басқарма төрағасын) сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлық мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйақы беру мен әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, Басқарма туралы ережені бекіту;

4) Ревизиялық комиссия мүшелерін (Ревизорды), оның ішінде Ревизиялық комиссияның төрағасын сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ревизиялық комиссияның (Ревизордың) сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, Ревизиялық комиссия (Ревизор) туралы ережені бекіту, сондай-ақ Серіктестік Ревизиялық комиссиясының (Ревизордың) есептері мен қорытындыларын бекіту;

5) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы, сондай-ақ заңды тұлғаларды құру (заңды тұлғаларды құруға қатысу туралы), басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу және (немесе) иеліктен шығару туралы шешім шығару;

6) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім шығару;

7) Серіктестікті (Серіктестіктің жарғылық капиталында қатысу үлесін) немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім шығару және мұндай беру шарттарын анықтау;

8) Заңға сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім шығару;

9) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім шығару;

10) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

11) қаржылық есептілікті бекіту, Серіктестіктің тоқсан, жартыжылдық немесе жыл ішіндегі қызмет нәтижелері бойынша алынған таза табысын бөлу, өткен кезеңдер үшін бөлінбеген таза табысын бөлу;

12) Жалғыз қатысушы бекіткен тізбе бойынша Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа құжаттарды бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың күші жойылды деп тану;

13) Жалғыз қатысушы мен үлесті сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

14) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар құру және өкілдіктер ашу туралы шешім шығару, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің қызметін тоқтату және оларды есептік тіркеуден шығару туралы шешім қабылдау;

15) Серіктестіктің оның (олардың) нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасауын мақұлдау туралы шешім қабылдау.

Бұл ретте, Серіктестіктің оның (олардың) нәтижесінде Серіктестік құны макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында айқындалған (базалық сценарий) бағам бойынша теңгемен 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы тиісті кезеңде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісімдеу арқылы жүзеге асырылады.

16) Серіктестіктің қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылай көмек, қаржылай кепілдіктер және кредитор Жалғыз қатысушы және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда Серіктестіктің қаржылық борышын арттыратын кез келген басқа да міндеттемелер) 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден астам сомаға ұлғайту туралы шешім шығару;

17) Серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығару;

18) Серіктестіктің салықтық, есеп, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық саясаттарын бекіту;

19) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

20) Заңға сәйкес аудит жүргізу міндетті болып табылған жағдайда Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау;

21) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен қарастырылған өзге де мәселелер, сондай-ақ Жалғыз қатысушы және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер.

46. Қажет жағдайда Жалғыз қатысушы жеке қаржылық есептілікті бекітуге және тоқсан қорытындылары бойынша таза табысты бөлуге құқылы.

47. Жалғыз қатысушы, Жарғыда өзінің құзыреті қалай айқындалғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарастыруға қабылдауға құқылы.

48. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

49. Серіктестіктің қызметіне қатысты кез келген мәселелер бойынша Жалғыз қатысушының шешімдері жалпыға міндетті болып табылады және мүлтіксіз орындауға жатады.

50. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді ол Серіктестіктің өзге органдарының қарауына тапсыра алмайды.

9- БАП. ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ

51. Қадағалау кеңесі Басқарманың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және қызметін Заңнамаға, Жарғыға, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес ұйымдастырады.

Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушының алдында жауапкершілікте болады.

Қадағалау кеңесі Басқарманың қызметін үнемі бақылап отыруға, Серіктестіктің жұмыс істеуі Заңнама мен Жарғыға сәйкес жүзеге асырылуын қадағалауға міндетті.

Қадағалау кеңесінің Басқарманың қызметіне бақылауды тиісінше жүзеге асырмауы салдарынан Серіктестікке және үшінші тұлғаларға келтірілген залалдар үшін Қадағалау кеңесінің мүшелері Заңнамаға сәйкес жауапкершілікте болады.

52. Басқарманың қызметіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында, Қадағалау кеңесі өз бастамасымен Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есептерді, сондай-ақ Серіктестік қызметінің мәселелері бойынша кез келген өзге құжаттаманы немесе ақпаратты сұратуға құқылы.

Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушының сұратуы бойынша оның қарауына жалпы Серіктестіктің қызметін бағалауды қамтитын есепті және оның қызметін жақсарту бойынша ұсыныстарды ұсынуға міндетті.

53. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі 3 (үш) жылдан артық емес мерзімге үш мүшеден кем емес санда сайланады. Қадағалау кеңесінің мүшесі бір

уақытта бас директордың (Басқарма төрағасының) немесе Басқарма мүшесінің лауазымын атқара алмайды.

Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз сан рет қайта сайлануы мүмкін.

Қадағалау кеңесінің мүшесі кез келген уақытта Қадағалау кеңесіне бұл туралы жазбаша өтініш беріп, өзінің міндеттерін әрі қарай орындаудан бас тарта алады.

Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Қадағалау кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз қатысушының шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Қадағалау кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері жалпы Қадағалау кеңесінің өкілеттіктері мерзімінің аяқталуымен бір уақытта аяқталады.

54. Қадағалау кеңесін төраға басқарады, оны Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесі мүшелерінің арасынан тағайындалады.

Қадағалау кеңесінде қарастырылатын мәселелер бойынша шешімдер Қадағалау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс берген кезде Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Дауыстар тең болған жағдайда, Қадағалау кеңесінің төрағасы немесе Жарғының 55-тармағына сәйкес оның функцияларын орындайтын тұлға сол үшін дауыс берген шешім қабылданады.

55. Серіктестік Қадағалау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын төрағаның нұсқауы бойынша немесе Қадағалау кеңесінің шешіміне сәйкес Қадағалау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

56. Ревизиялық комиссия (Ревизор) болмаған жағдайда, Қадағалау кеңесі Ревизиялық комиссияның (Ревизордың) барлық құқықтарын иеленеді.

57. Қадағалау кеңесінің құзыретіне келесі мәселелерді шешу жатады:

1) Серіктестіктің қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, оның тоқсан, жарты жыл немесе жыл ішіндегі қызмет нәтижелері бойынша алынған таза табысын бөлу тәртібі туралы, сондай-ақ өткен кезеңдер үшін бөлінбеген таза табысын бөлу жөнінде Жалғыз қатысушыға ұсыныстар беру;

2) Серіктестіктің бюджеті мен бизнес-жоспарын, оларға түзетулерді бекіту және орындалуын мониторингілеу;

3) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіту;

4) орталық аппараттың жұмыскерлері мен Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің әкімшілік персоналының жалпы санын бекіту;

5) орталық аппараттың жұмыскерлері мен Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің әкімшілік персоналының лауазымдық айлықақы тәсімдерін, өндірістік персонал қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларын бекіту;

6) егер Заңға сәйкес аудит жүргізу міндетті болып табылмаған жағдайда Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

7) Филиалдар және (немесе) өкілдіктер туралы ережелерді бекіту;

8) Серіктестіктің бюджеті мен бизнес-жоспарын қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингілеу тәртібін бекіту;

9) Қадағалау кеңесінің хатшысын тағайындау, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қадағалау кеңесі хатшысының лауазымдық айлықақысының мөлшерін (Қадағалау кеңесі хатшысының функциялары Серіктестік жұмыскеріне жүктелген жағдайда қосымша ақы мөлшерін), еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, оның қызметін бағалау;

10) Қадағалау кеңесі бекітетін тізбе бойынша, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Жалғыз қатысушы, Басқарма бекітетін құжаттарды қоспағанда) бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ Қадағалау кеңесі қабылдаған құжаттардың күші жойылған деп тану;

11) Серіктестіктің қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылай көмек, қаржылай кепілдіктер және кредитор Жалғыз қатысушы және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда Серіктестіктің қаржылық борышын арттыратын кез келген басқа міндеттемелер) 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеден 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгені қоса алғанға дейінгі сомаға арттыру туралы шешім шығару;

12) Серіктестіктің қызметінің корпоративтік түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;

13) Серіктестіктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Серіктестіктің басшы жұмыскерлері үшін қызметтің уәждемелік түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін, Серіктестіктің басшы жұмыскерлері қызметінің түйінді көрсеткіштері карталарының қорытынды нәтижелілігін бекіту;

14) Қадағалау кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

15) келесі есептерді бекіту:

а) Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы, Серіктестік бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті;

ә) еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Серіктестік қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы жартыжылдық және жылдық есептерді.

16) Серіктестіктің жылдық есебін бекіту;

17) акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Серіктестікке тиесілі заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

18) стратегияны айқындау, тәуекелдерді басқару саласындағы саясаттарды және негіз қалаушы нормативтік құжаттарды, ішкі бақылау жүйесін, қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;

19) Серіктестіктің әкімшілік аппаратын орналастыру үшін қызметтік жеңіл автомобильдерінің тиістілік нормативтері мен алаң нормаларын анықтау, сондай-ақ басқа да нормативтер;

20) кадрлық, әлеуметтік саясатты, ақшаны басқару жөніндегі саясатты бекіту;

21) жұмыскерлерге ұялы байланысты пайдалану құқықтарын, өкілдік шығыстардың шектелімдерін ұсынған кезде Серіктестіктің қаражаты есебінен өтелетін шығыстардың шектелімдерін анықтау;

22) корпоративтік жанжалдарды реттеуге және өзінің құзыреті шеңберінде мүдделер қақтығыстарын реттеуге мониторинг жүргізу және қатысу;

23) бас директордың (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдардағы қоса атқару бойынша жұмысын келісімдеу;

24) қызметке тағайындауды, қызметтен босатуды, ауыстыруды келісуді, қызметін бағалауды Қадағалау кеңесі жүзеге асыратын Серіктестіктің негізгі лауазымдарының тізбесін бекіту;

25) жыл қорытындылары бойынша Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін және қаржылық есептілігін тексеру жөніндегі Ревизиялық комиссияның (Ревизордың) қорытындыларын алдын ала қарастыру;

26) жыл ішінде Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі бойынша Ревизиялық комиссияның (Ревизордың) аралық есептерін бекіту;

27) Серіктестіктің бас директорының (Басқарма төрағасының) орынбасарларын, құрылымдық және өңірлік бөлімшелердің директорларын (бастықтарын), Серіктестіктің бас бухгалтерін тағайындауды келісу;

28) тағайындау мен босатуды Серіктестіктің Қадағалау кеңесімен келісім бойынша бас директор (Басқарма төрағасы) жүзеге асыратын лауазымдар номенклатурасын бекіту;

29) қызметтік іссапарларға жіберілетін Серіктестік қызметкерлеріне шығыстар нормативтерін айқындау;

30) Серіктестіктің омбудсмені мен Комплаенс-офицерін тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, тәртіптік жазалар қолданау, Серіктестіктің Омбудсмені мен Комплаенс-офицерін лауазымдық жалақысының мөлшерін, сыйақы шарттарын, әлеуметтік қолдауды айқындау, Серіктестіктің Омбудсмені мен Комплаенс-офицері қызметінің нәтижелерін бағалайды, Серіктестіктің Омбудсмені және Комплаенс-офицері туралы ережені, Серіктестіктің Омбудсмені мен Комплаенс-офицерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

31) Серіктестіктің Омбудсмені және Комплаенс-офицері туралы ережені, Серіктестіктің Омбудсмені мен Комплаенс-офицерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту; Заңнамамен және (немесе) Жарғымен көзделген, Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

10- БАП. БАСҚАРМА

58. Серіктестіктің ағымдағы қызметіне жетекшілікті Басқарма жүзеге асырады. Басқарманы бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады. Басқарманың құрылу және жұмыс істеу тәртібі, мәртебесі мен құзыреті, Басқарма мүшелерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігі, Басқарманың отырыстарын шақырту, өткізу, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібі және өзге де мәселелер Заңнамамен, Жарғымен Басқарма туралы ережемен, Басқарма мүшелерімен жасалатын еңбек шарттарымен, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

59. Басқарма Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындайды.

60. Басқарма Заңнамамен және Жарғымен Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған, Серіктестік қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) алдын ала бекіту үшін Серіктестіктің қаржылық есептілігін дайындауды және Қадағалау кеңесіне ұсынуды жүзеге асырады, Қадағалау кеңесіне Серіктестіктің тоқсан, жартыжылдық немесе жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза кірісін бөлу тәртібі туралы, сондай-ақ өткен кезеңдердегі бөлінбеген таза кірісін бөлу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) Серіктестіктің бас директорының (Басқарма төрағасының) орынбасарларын, құрылымдық және өңірлік бөлімшелердің директорларын (бастықтарын), Серіктестіктің бас бухгалтерін тағайындауды келісу туралы Қадағалау кеңесіне ұсыныстар енгізеді;

3) Жалғыз қатысушыға филиалдар құру және өкілдіктер ашу, Серіктестік филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің қызметін тоқтату және есептік тіркеуден шығару туралы ұсыныстар енгізеді;

4) филиалдар мен өкілдіктердің, еншілес және тәуелді ұйымдардың, сондай-ақ бірлесіп бақыланатын ұйымдардың жұмысын үйлестіреді;

5) Қадағалау кеңесі бекіткен орталық аппарат жұмыскерлерінің және Серіктестік филиалдары мен өкілдіктерінің әкімшілік персоналының санын ескере отырып, орталық аппараттың және Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің әкімшілік персоналының штаттық кестесін бекітеді;

6) Серіктестіктің бекітілген ұйымдық құрылымын ескере отырып, Серіктестіктің штат кестесін және өндірістік персонал қызметкерлерінің санын бекітеді;

7) Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі, бас директор (Басқарма төрағасы) бекітетін құжаттарға жатпайтын, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

8) Серіктестік акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асырған кезде құрылымдық бөлімшелердің өзара әрекет ету тәртібін анықтайды;

9) өзінің құзыреті шеңберінде мүдделер қақтығыстары мен корпоративтік жанжалдарға мониторингіні жүзеге асырады және реттеуге қатысады;

10) Серіктестікте бухгалтерлік және салық есептерін ұйымдастырады;

11) Серіктестіктің есеп саясатын, салықтық есеп саясатын және өзге саясаттарын әзірлеуді және Серіктестіктің уәкілетті органына бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді;

12) Жалғыз қатысушы және Қадағалау кеңесі бекітетін саясаттар мен құжаттарды қоспағанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;

13) тәуекел-тәбет дәрежесінің сақталуына және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және Серіктестіктегі қызметтің үздіксіздігі жүйелерінің тиімді жұмыс істеуіне жауапкершілікте болады;

14) Серіктестіктің негізгі тәуекелдерінің жай-күйі туралы, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі мен Серіктестікте тәуекелдерді басқару жүйесі туралы Қадағалау кеңесіне уақытында хабарлайды және есептілікті ұсынады.

15) Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі шешімдерінің, Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ұсыныстарының, сондай-ақ Ревизиялық комиссияның (Ревизордың) және Серіктестіктің тәуекелдерін басқаруын ішкі бақылауға жауап беретін құрылымдық бөлімше ұсыныстарының орындалуына мониторингіні жүзеге асырады;

16) Қадағалау кеңесіне келесі есептерді ұсынады:

а) Серіктестік қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы, Серіктестік бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті;

ә) еншілес және тәуелді ұйымдардың аудиттелген есептілігі ұсынылғаннан кейін бір ай ішінде еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Серіктестік қызметінің көрсеткіштеріне әсер етуі жөніндегі жартыжылдық және жылдық есепті;

17) Жалғыз қатысушыға, Қадағалау кеңесінің мүшелеріне белгіленген тәртіпте Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсынады;

18) Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің қарауы үшін шешімдерінің қабылдануы олардың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша құжаттарды дайындайды;

19) қажет жағдайда Басқарма жанындағы комитеттерді құрады және таратады және олар туралы ережелерді бекітеді;

20) Басқарманың бастамасымен Жалғыз қатысушының және (немесе) Қадағалау кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді мақұлдайды;

21) Серіктестік қызметінің Заңнамаға сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

22) Серіктестік орталық аппараты жұмыскерлерінің және филиалдары мен өкілдіктерінің әкімшілік персоналының жалпы саны, Серіктестіктің ұйымдық құрылымы бойынша ұсыныстар әзірлейді;

23) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Серіктестіктің өзге органдарының, Бас директордың (Басқарма төрағасының) құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Серіктестіктің мәмілелер жасасуы туралы шешімдер қабылдайды. Бұл ретте, Серіктестіктің оның (олардың) нәтижесінде Серіктестік құны макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында айқындалған (базалық сценарий) бағам бойынша теңгемен 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы тиісті кезеңде «ҚазМұнайГаз «ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісімдеу арқылы жүзеге асырылады;

24) Серіктестіктің қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылай көмек, қаржылай кепілдіктер және кредитор Жалғыз қатысушы және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда Серіктестіктің қаржылық борышын арттыратын кез келген басқа да міндеттемелер) 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеге дейінгі сомаға ұлғайту туралы шешім шығару;

25) Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес айқындалған аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;

26) Жарғы талаптарына сәйкес Жалғыз қатысушыға немесе Қадағалау кеңесіне ұсыну үшін жылдық жұмыс бағдарламаларының, бюджеттердің, бизнес-жоспарлардың жобаларын, жоспарларды, рәсімдер туралы есептерді, саясаттарды, ұйымдық құрылымдарды, қаржылық есептерді және т. б. қоса алғанда, барлық құжаттарды дайындайды. бар болған жағдайда стратегиялық (бизнес) бастамаларының тізбесін қоса отырып, Серіктестік бизнес-жоспарының жобасын, сондай-ақ Серіктестік бюджетін әзірлейді, мақұлдайды және Серіктестіктің Қадағалау кеңесіне ұсынады;

